



Қазақстан Республикасының
ЮНЕСКО және ИЕСКО істері жөніндегі
Ұлттық Комиссиясы
National Commission
of the Republic of Kazakhstan
for UNESCO and IESCO



unesco
Организация
Объединенных Наций по
вопросам образования,
науки и культуры



United Nations
Educational, Scientific and
Cultural Organization

Asian-Pacific
Federation
of UNESCO Clubs
and Associations



Білім, ғылым
және мәдениет
жөніндегі Біріккен
Ұлттар Ұйымы

Қазақстандық
ЮНЕСКО
клубтарының
Федерациясы

БҰҰ-ның Халықаралық бейбітшілік пен сенім жылына, Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күніне, сондай-ақ Семей ядролық сынақ алаңы жабылуының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған

«Бейбітшілікке үміт» дүниежүзілік челленджінің

талаптары

Ұйымдастырушылар: Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясының және ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросымен бірге Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының және Азия-Тынық мұхиты аймақтық ЮНЕСКО клубтарының, орталықтары мен қауымдастықтарының федерациясының қолдауымен.

1945 жылы Жапонияның Хиросима қаласына адамзат тарихындағы алғашқы атом бомбасы тасталды. Жарты миллион тұрғынмен бірге бұл бақытсыздыққа небәрі екі жасар жапон қызы Садако Сасакидің отбасының да төзуіне тура келді. Садаки жарылыс орнынан екі шақырымға жетер-жетпес қашықтықта болды. Жарылыс толқыны қызды терезеден лақтырып жіберді, ол бақытына орай аман қалды. Алайда, 1954 жылы Садако Сасакидің радиациялық ауруы алғашқы белгілерін көрсете бастады. 1955 жылы дәрігерлер оған аққандылық-қан қатерлі ісігі диагнозын қойды. Он екі жасар қыздың өмір сүруіне бір жылдан аз уақыт қалды.

Келесі сапарында Садаконың досы өзімен бірге оригами қағазын алып келіп, одан қағаз тырнасын жасап, ескі жапон аңызын айтты. Аңыз бойынша, егер сіз мың тырнаны - «сенбазураны» қағаздан бүктесеңіз, онда кез-келген тілек орындалады. Оны тұмсығымен 1000 жыл өмір сүретін құс - Цуру тырнасы - Жапониядағы бақыт пен ұзақ өмір құсы әкеледі.

Сонда өліммен бетпе-бет келген әрбір адам сенетіндей кішкентай қыз да әдемі ертегіге сенді.

1955 жылдың 25 қазанында Хиросима қаласында атом бомбасынан кейін аман қалған жапон қызы Садако Сасаки аққан ауруының салдарынан қайтыс болды. Ол жоспарлаған барлық 1000 қағаз тырналарды жасауға үлгермеді, тек 644-ін ғана үлгерді ...

*“Но девочка не выжила и скоро умерла,
И тысячу журавликов не сделала она.
Последний журавленочек упал из мертвых рук -
И девочка не выжила, как тысячи вокруг.”*

С. Туликов, В. Лазарев

Өткізу мерзімі: 4 шілде мен 25 тамыз аралығы

Мақсаты: балалардың сананың басқаруымен қолмен жұмыс жасау қабілеттерін дамытатын, сондай-ақ қолдың ұсақ моторикасын, саусақтардың нақты қимылдарын жетілдіретін, балалардың назарын қажетті нәтиже алу мақсатындағы дайындау үдерісіне

аударуға көмектесетін оригамиларды жасау арқылы жас ұрпақтың назарын әлемде ядролық сынақ алаңдарының болуына аудару.

Қатысушылар: Челленджге 6 мен 16 жас аралығындағы барлық балалар қатыса алады.

География: барлық мемлекеттер

Қатысу шарттары:

2 қадамнан тұрады:

1 қадам: төменде келтірілген үлгі бойынша өз қолыңызбен тырна жасаңыз. Қатысушы осы оригамиді орындау кезінде кез-келген түсті және өлшемдегі қағазды таңдай алады.

2 қадам: міндетті түрде «Мен соғысқа қарсымын. Мен әлемдегі бейбітшілікті қолдаймын» деп айтып, бүкіл әлем халқына өз ана тілінде бейнехабарлама жасау. Бұл бейнеде қатысушы өз қолымен жасаған оригами тырнасын қолына ұстап тұруы тиіс. Бейнені Instagram-ға #WeHopeForPeace тегімен, @unescoclubs kz, @unescoalmaty аккаунттарын белгілеу арқылы жүктеу керек.

Бейнежазбаның ұзақтығы 1 минуттан аспауы керек.

Бұл жастағы балалардың Instagram-да жеке парақшасы болмауы мүмкін болғандықтан, шығармаларды ата-аналардың, оқу орындарының және т.б. аккаунттарда жариялауға болады.

Қорытындысы: әр елден челленджге (челлендж атауы) қатысушылардың бейнероликтері Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясының сайтында: <https://unescoclubs.kz/>, сонымен қатар @unescoclubs kz Instagram әлеуметтік желісінде жарияланады.

Нәтижелері: Челлендж аяқталғаннан кейін бірнеше жүзден астам балалар Садако Сасакидің оқиғасымен танысып, ядролық қарудың жойқын зияны туралы білетін болады және өздерінің бейнехабарламалары арқылы ядролық қарусыз әлемге ұмтылу және бейбітшілік идеясын насихаттай алады.

Тырнаның үлгісі:

1. Тырна жасау үшін сізге кез-келген түсті және өлшемді 1 шаршы парақ қажет, ұсынылатын өлшемі 21 см x 21 см.
2. Төмендегі қосымша суретте көрсетілгендей шаршы парақты диагональ бойынша бүктеңіз.
3. Алынған үшбұрышты алдыңызға гипотенузасын жоғары қаратып (ең үлкен жағы) қойыңыз;
4. Енді үшбұрышты ортадағы түзудің бойымен екіге бүктеңіз. Бұл кезең үлгіде айқын көрсетілген, сізге қиындық туғызбауы тиіс;
5. Жоғарғы үшбұрышты шаршы қалтаға айналдырып ашыңыз. Түсінбесеңіз: үшбұрыш ішкі жағынан ашылады. Шықты ма? Содан кейін дайындаманы «бетін» төмен қарай қаратыңыз;
6. Құсымыз қалыптаса бастады: үлгіде көрсетілгендей, бұрын қолданылмаған үшбұрышты оңға бүгіңіз;
7. Енді қайырманы ішкі жағынан ашу керек - бірінші ашылған шаршымыз да солай қалыптасқан болатын;

8. Жоспарлы түрде бұрыштарды өзіңізге қарай қайырыңыз, үлгіге сүйене отырып артқы жағынан қайыруды қайталаңыз.
9. Сурет бойынша бөлшектерді қарапайым қайыру арқылы асыл құстың дене бөліктерін орнатыңыз, содан кейін қанаттың «үшу» сызығын ашыңыз - сіз қағаздан өз қолыңызбен қағаз тырна жасадыңыз.

